Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

ҒТФХР 67.23.13

DOI: <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2025-79-4-24-35>

Ғылыми мақала

Нұрлыбек Келмағамбетов\*<sup>1</sup> , Қадыр Атабайев<sup>2</sup> <sup>1</sup>Қызылорда Болашақ университеті, Қызылорда, Қазақстан<sup>2</sup>Самарқанд мемлекеттік сәулет-құрылыс университеті, Самарқанд, ӨзбекстанEmail: [nkelmagambetov@mail.ru](mailto:nkelmagambetov@mail.ru), [qodirataboyev1960@gmail.com](mailto:qodirataboyev1960@gmail.com)

### Монолитті азаматтық ғимараттардың инженерлік-функционалдық пайдалану қасиеттерін құрылымдық-графоаналитикалық талдау

**Аңдатпа.** Бұл мақалада монолитті азаматтық ғимараттардың инженерлік-функционалдық пайдалану қасиеттерін (ПҚ) құрылымдық талдау әдістері және оларды тұрғызу барысындағы сапаны бағалаудың жетілдірілген тәсілдері ұсынылды. ПҚ құрамына конструкциялардың беріктігі, отқа және аязға төзімділігі, ылғалдылыққа тұрақтылығы, геометриялық дәлдігі, деформацияларға қарсы тұру қабілеті және инженерлік жүйелердің сенімділігі кіреді. Зерттеу әдістемесі графоаналитикалық модельдеу, жүйелік талдау, статистикалық өңдеу және геодезиялық бақылау сияқты көпсалалы тәсілдерге негізделді. Графоаналитикалық әдіске сүйене отырып ПҚ параметрлерінің байланыс құрылымы анықталды, негізгі параметрлер айқындалды. Сонымен қатар, атқарушы геодезиялық құжаттаманы камералдық талдау арқылы құрылыс бақылауының тиімділігін арттыру әдістемесі ұсынылды. Параметрлер арасындағы өзара байланыстар арнайы графикалық модель арқылы айқындалып, олардың инженерлік маңыздылығы, өлшенетіндігі және нормативтік реттелуі бойынша бағаланды. Сонымен бірге материалдардың оптималды физикалық сипаттамалары, жылулық-гигиеналық талаптар және құрылымдардың жұмыс қабілеттілігіне әсер ететін факторлар қарастырылды. Жұмыс нәтижесінде ПҚ құрылымын ғылыми негізде талдауға мүмкіндік беретін тиімді модель ұсынылып, негізгі параметрлердің ғимараттың ұзақ мерзімділігі мен сенімділігіне әсері дәлелденді. Зерттеу нәтижелері монолитті құрылымдардың ПҚ-ін кешенді арттырудың алғы шарттарын жасап, бақылау жүйесінің сенімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** монолитті ғимарат, құрастырмалы-монолитті жүйе, пайдалану қасиеттері, графоаналитикалық талдау, геодезиялық бақылау, сапаны бағалау.

Түсті: 25.10.2025; Мақұлданды: 20.11.2025; Онлайн қол жетімді: 18.12.2025

\* хат-хабар үшін автор

## Кіріспе

Монолитті азаматтық ғимараттардың инженерлік-функционалдық пайдалану қасиеттері (ПҚ) олардың ұзақмерзімділігін, сенімділігін және техникалық-экономикалық тиімділігін айқындайды. Қазіргі құрылыс тәжірибесінде ПҚ көптеген параметрлерден тұратын көпфакторлы кешен болып табылады, сондықтан олардың өзара байланысын жүйелі бағалау және негізгі параметрлерді анықтау өзекті ғылыми міндет болып саналады.

ПҚ құрылымын талдау графикалық модельдеу арқылы тиімді жүзеге асырылады. Мұндай әдістер құрылыс механикасында, желілік жоспарлау, өндірістік процестерді оңтайландыру және энергия үнемдейтін технологияларды әзірлеу салаларында кеңінен қолданылады.

Монолитті азаматтық ғимараттардың пайдалану қасиеттерін бағалау кешенді, көпсатылы ғылыми талдауды талап етеді. ПҚ құрылымының көп факторлы сипатына байланысты зерттеу әдістемесі графоаналитикалық модельдеу, жүйелік талдау, статистикалық өңдеу және геодезиялық бақылау технологияларына негізделді. Әдістеме инженерлік жүйелердің техникалық жай-күйін бағалау, материалдардың механикалық параметрлерін талдау, конструкциялардың геометриялық дәлдігін анықтау сияқты бірнеше ғылымаралық бағыттардың интеграциясын қамтиды.

Бұл жұмыста ПҚ құрылымын модельдеу, фактор-графикалық құру логикасы, параметрлердің өзара байланыс матрицасын анықтау, камералдық талдаудың кезеңдері және статистикалық критерийлерді қолдану толық баяндалады. Зерттеудің мақсаты - монолитті және құрастырмалы-монолитті азаматтық ғимараттардың ПҚ құрылымын графоаналитикалық модель арқылы талдау, негізгі инженерлік-функционалдық параметрлерді анықтау және ПҚ-ті бағалау әдістерін тиімді ету.

Қазіргі құрылыс саласында ғимараттардың пайдалану қасиеттерін ғылыми тұрғыдан негіздеу маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Тұрғын үй кешендеріне және индустриялық объектілерге қойылатын талаптар олардың қауіпсіздігін, ұзақ мерзімділігін және тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған байланысты құрылымдық элементтердің беріктігі, отқа төзімділігі, ылғалға және аязға төзімділігі сияқты көрсеткіштерді нормативтік деңгейде белгілеу қажеттілігі туындайды.

Ғимараттың беріктігі деп оның барлық құрылымдық элементтерінің (іргетас, тіректер, темірбетон қадалар, қоршау құрылымдары) бүкіл

пайдалану мерзімі ішінде жүктемелер әсеріне төтеп беру қабілеті түсініледі. Бұл мерзім жобалық құжаттамада алдын ала белгіленеді және оны қатаң сақтау талап етіледі [1].

Беріктікке қол жеткізу үшін келесі материалдық қасиеттер маңызды рөл атқарады: аязға төзімділік, ылғалға төзімділік, отқа төзімділік, жоғары сапалы цемент пен бетон қолдану. Ғимараттар отқа төзімділік деңгейіне байланысты үш топқа бөлінеді: жанбайтын, қиын жанатын, жанғыш.

Отқа төзімділік шегі конструкцияның от әсерінен беріктігі төмендегенге дейінгі уақытпен өлшенеді. Егер тікелей от әсер ететін беттің температурасы 140 °С-тан жоғары көтерілсе, рұқсат етілген шекті мән асып, ғимаратты толық немесе ішінара қалпына келтіру қажет.

Өрт кезінде жүктемені ұстап тұрған элементтерде жарықтардың пайда болуы конструкцияның жұмыс қабілеттілігін жоғалтуын білдіреді. Мұндай жағдайда конструкцияның бұзылу қаупі туындайды, ал қайта жаңарту міндетті болады.

Жобалаушылар, құрылысшылар және пайдалану қызметтері бір мақсатқа - ғимараттың функционалдық және техникалық талаптарға сай болуына - түрлі кезеңдерде қол жеткізеді. Пайдалану қасиеттері құрамына мыналар кіреді: жылу қорғанысы, герметикалығы, ішкі орта параметрлерін сақтау (температура, ылғалдылық), құрылымдардың деформацияға төзімділігі.

## Әдіснама

Зерттеу жұмысы құрылыс конструкцияларының пайдалану қасиеттерін анықтауға және олардың өзара байланыс құрылымын модельдеуге бағытталған кешенді инженерлік-ғылыми тәсілдер жиынтығы негізінде жүзеге асырылды. Зерттеудің бастапқы кезеңінде құрылыс конструкцияларының есептік және пайдалану параметрлерін белгілеуге арналған қолданыстағы нормативтік құжаттар (ҚР ҚНЖЕ, жобалау тапсырмалары, сметалық-есептік құжаттар) талданды. Бұл кезеңде әр материал үшін (кірпіш, кеңейтілген сазбетон, панельді конструкциялар) қолайлы температуралық ылғалдылық режимдері мен жобалық талаптар анықталды. Берілген нормативтік база кейінгі талдаудың әдістемелік негізі ретінде қолданылды.

Ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік деректерге сәйкес әр материалдың оңтайлы параметрлері белгіленген [2]:



- кірпіш қабырға үшін оңтайлы ылғалдылық -4% дейін,
- кеңейтілген саз және кеңейтілген сазды бетон үшін 10% дейін,
- ішкі қабырға бетінің температурасы бөлме температурасынан 1-3 °С төмен болуы тиіс (айырмашылық 6°С-тан аспауы керек),
- қыста тұрғын үйдегі қалыпты ауа температурасы 20-21°С, рұқсат етілген төмендеуі -19 °С.

Бұл талаптар конденсацияның пайда болуына жол бермейді және сыртқы қабырға қалыңдығын ғылыми тұрғыдан анықтауға мүмкіндік береді.

Жобалау кезеңінде келесі құжаттар басшылыққа алынады: нормативтер (ҚНЖЕ); құрылыс тапсырмасы; сметалық – есептік құжаттар; ғылыми негізделген есептік параметрлер.

Әр ғимарат түріне (тұрғын үй, өндірістік объект, шеберхана) арналған талаптар өзгеше болады. Мысалы, панельді ғимараттарда буындардың «тыныс алу» коэффициенті мен ішкі бетінің температурасы жылу жүйесінің жұмысына байланысты есептеледі.

Зерттеу барысында нақты инженерлік-геометриялық параметрлер 2D/3D геодезиялық бақылау әдістері арқылы тіркелді. Барлығы 352 бақылау нүктесі бойынша құрылыс конструкцияларының ауытқулары, геометриялық дәлдігі, қабатаралық деңгейдің сәйкестігі және инженерлік жүйелердің жай-күйі өлшенді.

Өлшеу нәтижелері цифрлық форматқа стандартталған трансформациялау алгоритмі бойынша келтірілді, бұл алынған деректердің одан арғы статистикалық және факторлық өңдеуге жарамдылығын қамтамасыз етті.

Алынған өлшеу нәтижелері негізінде геометриялық ауытқулардың толық гистограммасы құрылып, максимал және минимал ауытқулар ( $\Delta_{\max}$ ,  $\Delta_{\min}$ ) анықталды.

Деректердің үлестірімі нормалдық заңға сәйкестігі бойынша Шапиро-Уилк және Гаусс критерийлері арқылы тексерілді. Сонымен қатар, кездейсоқ ауытқулардың параметрлері - математикалық күту ( $\mu$ ) және орташа квадраттық ауытқу ( $\sigma$ ) есептелді. Бұл тәсіл құрылыс сапасына әсер ететін факторлардың тұрақтылығы мен ықтимал өзгергіштік деңгейін бағалауға мүмкіндік берді.

Пайдалану қасиеттері (ПК) бірнеше негізгі параметрден тұрады. Олардың ішіне келесі көрсеткіштер кіреді:

- конструкциялардың геометриялық дәлдігі;
- бетон беріктігі мен қорғаныс қабаты;

- деформациялар;
- арматураның орналасу дәлдігі;
- пайдалану ұзақтығы мен жөндеуаралық кезең;
- инженерлік жүйелердің жарамдылығы;
- технологиялық бақылаудың сапасы.

Пайдалану қасиеттерін анықтайтын негізгі параметрлер ғылыми критерийлер бойынша (инженерлік маңыздылық, өлшенетіндік, нормативті реттелуі, өзара байланыс тұтастығы) таңдалды.

Әр параметр арасындағы ықпал ету дәрежесі бағытталған фактор-граф арқылы модельденді. Байланыс матрицасы  $19 \times 19$  өлшемді болып,  $K_{ij}$  коэффициенттері үш деңгей бойынша (1 - әлсіз, 2 - орташа, 3 - күшті) бағаланды.

Параметрлердің түйіндік дәрежесі  $d(v_i)$  есептеліп, жүйенің ядролық ( $Q_1, Q_2, Q_{10}$ ), орта және перифериялық топтары анықталды. Графтық модель көп параметрлі құрылыс жүйесінің ішкі өзара әсер құрылымын сандық түрде сипаттауға мүмкіндік берді. Параметрлер келесі ғылыми критерийлер бойынша таңдалды [2] (Кесте 1):

Кесте 1. Параметрлер көрсеткіштерінің сипаттамасы

Көрсеткіш	Сипаттамасы
Инженерлік маңыздылық	Конструкцияның сенімділігіне әсер ету дәрежесі
Өлшенетіндігі	Параметрдің нақты аспаптық өлшеулер арқылы анықталуы
Өзара байланысы	Басқа параметрлерге әсер ету тұтастығы
Нормативті реттелуі	ҚРҚНЖЕ талаптарында берілуі

Параметрлер арасындағы байланыс келесі қағида бойынша анықталды:

Егер  $Q_i$  параметрінің өзгеруі  $Q_j$  параметрінің өзгеруіне әсер етсе, онда олардың арасында графтық байланыс (қыр) орнатылады. Мысалы: бетонның қорғаныс қабаты ( $Q_{10}$ ) арматураның коррозиялық тұрақтылығына әсер етеді ( $Q_3$ ), ол өз кезегін деконструкцияның деформациясына әсер етеді ( $Q_1$ ).

Байланыс коэффициенттері  $K_{ij}$  үш деңгей бойынша бағаланды: 1 – әлсіз байланыс; 2 – орташа байланыс; 3 – күшті байланыс (Кесте 2).

Кесте 2. ПҚ арасындағы байланыс дәрежесін бағалау шкаласы

Байланыс деңгейі	Физикалық мәні	Мысал
1	Жанама әсер	Жөндеу аралық кезең функционалдық жайлылық
2	Тұрақты инженерлік әсер	Бетон қоспасы сапасы беріктік
3	Тікелей әсер	Геометриялық ауытқу жүктеменің қайта бөлінуі

Осындай бағалау көп параметрлі жүйені сандық жағынан модельдеуге мүмкіндік береді. Фактор-графтың іргелес матрицасы  $19 \times 19$  элементтен тұрады. Матрицада: «0» – байланыс жоқ; «1-3» – байланыс дәрежесі көрсетілген.

Бұл матрица ПҚ жүйесіндегі ақпараттың құрылымын, факторлардың өзара әсерін анықтауға мүмкіндік береді [3] (Кесте 3).

Әрбір параметр үшін графикалық дәрежесі  $d(v_i)$  есептеліп, жүйенің ең маңызды параметрлері анықталды:

Кесте 3. Түйіндік пайдалану қасиеттері

Параметр	$d(v)$	Инженерлік маңызы
Q1 – деформация	Еңжоғары	Негізгі қауіпсіздік көрсеткіші
Q2 – жоспарлы биіктік жағдайы	Жоғары	Геометриялық тұрақтылық
Q10 – бетонның қорғаныс қабаты	Жоғары	Коррозиядан қорғау
Q13 – инженерлік жүйелер деңгейі	Орташа	Пайдалану тиімділігі
Q14 – жөндеу аралық кезең	Орташа	Эксплуатациялық шығындар

Бұл параметрлер түйіндік пайдалану қасиеттері ретінде белгіленді. Алынған көрсеткіш төмендегідей құрылымдық ерекшеліктерге ие: ядро бөлігі – Q1, Q2, Q10 параметрлері; орта топ – құрылыс технологиясына байланысты; перифериялық топ – функционалдық және пайдалану көрсеткіштері.

Бұл жүйе ПҚ-тің қай бөлігін жақсарту жалпы сапаға максималды әсер ететінін дәл анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде геодезиялық өлшеулер толық көлемде жүргізілмейді, атқарушы құжаттама көбінесе мердігер өзі жасайды, тапсырыс беруші тарапынан тек формалдық қабылдау жүзеге асады. Сондықтан тәуелсіз камералдық тексеру - сапаны объективті бағалаудың жалғыз жолы (Кесте 4).

**Кесте 4.** Талдау алгоритмінің кеңейтілген кезеңдері

№	Кезең	Сипаттамасы
1	Нақты өлшеу деректерін алу	Цифрлық трансформация, 2D/3D координаттарды сәйкестендіру
2	Бақылау нүктелерін біріктіру	Ғимараттың құрылымдық-геометриялық жүйесіне келтіру
3	Ауытқулар гистограммасы	352 нүкте бойынша толық статистикалық үлгі
4	Максимал ауытқуларды анықтау	$\Delta_{max}$ , $\Delta_{min}$ есептеу
5	Нормамен салыстыру	ҚРҚНЖЕ 1.02-03-2011 талаптарымен
6	Гаусс критерийін қолдану	П-Шапиро–Уилкесті, $\sigma$ , $\mu$ анықтау
7	Бұрмалау бағасы	$r\_error$ деңгейі

Камералдық талдау нәтижелерін инженерлік тұрғыда бағалау арқылы ақаулардың келесі себептері анықталды: қалып жүйесінің дұрыс бекітілмеуі; бетон құю кезінде виброөңдеудің біркелкі жүргізілмеуі; геодезист тарапынан өлшеулердің жеткіліксіздігі; атқарушы схемалардың қолдан жасалуы; формалды техникалық қадағалау.

### Талдау және нәтижелер

Талдау нәтижесінде негізгі ПҚ параметрлері анықталды: конструкциялардың деформациясы; конструкциялардың нормативтік төзімділіктегі жоспарлы-биіктік жағдайы; арматура мен ендірілген бөлшектердің саны және орналасуы; бетонның қорғаныс қабаты; конструкциялардың жөндеуаралық кезеңі.

Инженерлік жүйелердің техникалық деңгейі. Түйіндік ПҚ параметрлерінің ішінде үш параметр ПҚ-тың ең үлкен бөлігін анықтайды:

- нормативтік рұқсаттардағы жоспарлы-биіктік жағдайы;
- бетонның қорғаныс қабаты;
- деформациялар.

Нәтижелер бойынша барлық мәндер нормативтік рұқсат шегінде, бірақ таралу қисықтары қалыпты үлестіруге сәйкес келмейді, бұл мердігер ұсынған атқарушы құжаттамада бұрмалану болуы мүмкін екенін дәлелдеді. Аспаптық өлшеулер қабырғалардың вертикальдан тыс ауытқуын растайды. Жүргізілген зерттеулер жоспарлы-биіктік ауытқулар монолитті құрылыста ең көп таралған ақаулардың бірі екенін көрсетті (барлық ақаулардың ~34%). Бұл параметрдің ПҚ кешеніндегі маңыздылығы графоаналитикалық модельдің нәтижелерімен толық сәйкес келеді.

Атқарушы геодезиялық схемаларды тек құжаттаманы тіркеу арқылы бағалау жеткіліксіз. Тіркеу, өлшеу және сараптамалық әдістерді біріктірген көпдеңгейлі бақылау жүйесі ғана объективті нәтиже береді.

### Қорытынды

ПҚ-ті арттыру, құрылыс технологияларын жетілдіру және бақылау жүйесін нақтылау бағытында ұсыныстар әзірленді.

Геодезиялық бақылауды жақсарту:

1. Барлық қабаттарда толық сканерлер  $\pm 1-2$  мм дәлдік береді.
2. Аралық өлшеулер санын 2 есеге арттыру (әрбір 20 м сайын - міндетті бақылау).
3. Атқарушы схемаларды цифрландыру (BIM+GIS) (Қателерді автоматты анықтау мүмкін болады).

Қалып жүйесін жетілдіру: металл қалыптарды қолдану ұсынылады (ағаш/фанерге қарағанда 40–60% дәл); қалыптың ұсталуын автоматты датчиктер арқылы бақылау; бетон құю кезінде деңгей біркелкілігін лазерлік нивелирмен бақылау.

Бетонның қорғаныс қабатын бақылау: арматураның орналасу тереңдігін әр 3 метр сайын ферросканермен тексеру; қалыптың ішкі бетін арнайы дірілге төзімді бекіткіштермен жабдықтау; қорғаныс қабатын 5-7 мм-ден артық ауытқуға жол бермеу.

Тапсырыс беруші тарапынан бақылауды күшейту: техникалық қадағалауды мердігерден толық тәуелсіз ету; әр жұмыс кезеңіне екі жақты акт енгізу: өлшеу акті + қабылдау акті; құжаттамада цифрлық қолтаңба және геодезиялық деректердің электрондық коды болуы керек (Кесте 5).

Кесте 5. ПҚ-ті арттыруға арналған кешенді шаралар

Бағыт	Ұсыныс	Күтілетін нәтиже
Геометриялық дәлдік	3D-сканерлеу	D_min 35% төмендеу
Деформация	Құрылыс процестерін кезең-кезең бақылау	Төзімділік артуы
Жоба сапасы	ВІМ моделін міндетті енгізу	Қателер 40% қысқарады
Эксплуатация	Инженерлік жүйелерді автоматтандыру	Қызмет ету мерзімі артады

Зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалды:

1. Графоаналитикалық әдіс монолитті азаматтық ғимараттардың инженерлік-функционалдық ПҚ құрылымын тиімді талдауға мүмкіндік береді.

2. ПҚ-тің алты негізгі параметрі анықталды және оларды кешенді арттыру жалпы ПҚ-ті едәуір жақсартады.

3. Монолитті құрылымдардың геометриялық дәлдігін бақылауда камералдық бағалау әдісі атқарушы схемалардың бұрмалануын анықтаудың сенімді тәсілі болып табылады.

4. Тапсырыс берушінің құрылыс бақылауы әдістемелік (өлшеу, тіркеу, сараптамалық бақылау) және ұйымдастырушылық жағынан күшейтілуі қажет. Ұсынылған әдістеме басқа типтегі азаматтық және өндірістік ғимараттар үшін де қолдануға болады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Дмитриенко Е.А. и др. (2015) Строительство уникальных зданий и сооружений. № 2. С. 45- 56.
2. Байбурин, А.Х. (2019) Методы инноваций в строительстве, М.: Лань
3. Байбурин, А.Х. (2015) Обеспечение качества и безопасности возводимых гражданских зданий, М.: Издательство АСВ
4. Теличенко В.И., Еремина К.И. (2011) Безопасность эксплуатируемых зданий и сооружений, М.: Издательство АСВ, (2011).
5. Анпилов, С. М. (2019). Технология возведения зданий и сооружений из монолитного железобетона. Москва: Издательство АСВ.
6. Аншин Л.З. В.В. Семкин, А.В. Шапошников (2015) Проектирование зданий, М.: Издательство АСВ

## Нурлыбек Келмагамбетов<sup>1</sup>, Кадир Атабойев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Кызылординский университет «Болашақ», Кызылорда, Казахстан

<sup>2</sup>Самаркандский государственный университет архитектуры и гражданского строительства, Самарканд, Узбекистан

### Структурно-графоаналитический анализ инженерно-функциональных эксплуатационных свойств монолитных гражданских зданий

**Аннотация.** В настоящей статье представлены методы структурного анализа эксплуатационных свойств (ЭС) монолитных гражданских зданий, а также усовершенствованные подходы к оценке качества строительства. К ЭС относятся прочность конструкций, огнестойкость и морозостойчивость, влагостойкость, геометрическая точность, сопротивляемость деформациям и надежность инженерных систем. Методология исследования основана на комплексном применении графоаналитического моделирования, системного анализа, статистической обработки данных и геодезического контроля. С использованием графоаналитического подхода была установлена структура взаимосвязей параметров ЭС и выделены ключевые показатели. Кроме того, предложена методика повышения эффективности строительного контроля посредством камерального анализа исполнительной геодезической документации. Взаимосвязи между параметрами представлены в виде специализированной графической модели и оценены с точки зрения их инженерной значимости, измеряемости и нормативного регулирования. Особое внимание уделено оптимальным физическим характеристикам материалов, соблюдению теплогигиенических требований и факторам, влияющим на эксплуатационную работоспособность конструкций. В результате работы разработана эффективная модель, позволяющая научно обоснованно анализировать структуру ЭС, а также подтверждено влияние ключевых параметров на долговечность и надежность зданий. Полученные результаты создают предпосылки для комплексного повышения эксплуатационных свойств монолитных конструкций и позволяют повысить надежность системы строительного контроля.

**Ключевые слова:** монолитное здание, сборно-монолитная система, эксплуатационные свойства, графоаналитический анализ, геодезический контроль, оценка качества.

---

Nurlybek Kelmagambetov<sup>1</sup>, Qodir Ataboyev<sup>2</sup>

<sup>1</sup>*Kyzylorda University “Bolashak”, Kyzylorda, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Samarkand State University of Architecture and Civil Engineering, Samarkand, Uzbekistan*

## **Structural-Graph-Analytical Analysis of Engineering and Functional Performance Properties of Monolithic Civil Buildings**

**Abstract.** This article presents methods for structural analysis of the performance properties (PP) of monolithic civil buildings, as well as improved approaches to assessing construction quality. PP include structural strength, fire and frost resistance, moisture resistance, geometric accuracy, deformation resistance, and the reliability of utility systems. The research methodology is based on the integrated application of graph-analytical modeling, systems analysis, statistical data processing, and geodetic control. Using a graph-analytical approach, the structure of the relationships between PP parameters was established and key indicators were identified. Furthermore, a methodology for improving the effectiveness of construction supervision through an office analysis of as-built geodetic documentation is proposed. The relationships between the parameters are presented in the form of a specialized graphical model and assessed in terms of their engineering significance, measurability, and regulatory framework. Particular attention is paid to the optimal physical characteristics of materials, compliance with thermal and hygienic requirements, and factors affecting the operational performance of structures. The study resulted in the development of an effective model that enables scientifically valid analysis of the structure of structural systems, and confirmed the influence of key parameters on the durability and reliability of buildings. The results obtained pave the way for comprehensively improving the performance of monolithic structures and enhance the reliability of construction supervision systems.

**Keywords:** monolithic building, precast-monolithic system, performance properties, graph-analytical analysis, geodetic supervision, quality assessment.

### **References**

1. Dmitrienko E.A. et al. (2015) Construction of Unique Buildings and Structures.No. 2. P. 45-56. -conference proceedings.
2. Bayburin, A.Kh. (2019) Methods of Innovation in Construction, Moscow: Lan, - book



3. Bayburin A.Kh. (2015) Ensuring the Quality and Safety of Civil Buildings under Construction, Moscow: ASV Publishing House - book
4. Telichenko V.I., Eremina K.I. (2011) Safety of Operated Buildings and Structures, Moscow: ASV Publishing House - book
5. Anpilov, S. M. (2019). Technology of Construction of Buildings and Structures Made of Monolithic Reinforced Concrete. Moscow: ASV Publishing House.
6. Anshin L.Z., Semkin V.V., Shaposhnikov A.V. (2015) Design of buildings, Moscow: ASV Publishing House - book

#### **Авторлар туралы мәліметтер:**

**Нұрлыбек Келмағамбетов** – хат-хабар авторы, техника ғылымдарының кандидаты, Қызылорда Болашақ университеті, Сырдария өзенінің Сол жағалауы, 115 ғимарат, Қызылорда, Қазақстан.

**Қадыр Атабайев** - техника ғылымдарының кандидаты, Самарқанд мемлекеттік сәулет және азаматтық құрылыс университеті, Лолазор көш., 70, Самарқанд, Өзбекстан.

#### **Сведения об авторах:**

**Нурлыбек Келмағамбетов** - автор-корреспондент, кандидат технических наук, Кызылординский университет «Болашақ», левый берег реки Сырдарья, здание 115, Кызылорда, Казахстан.

**Кодир Атабайев** - кандидат технических наук, Самаркандский государственный университет архитектуры и гражданского строительства, ул. Лолазор, 70, Самарканд, Узбекистан.

#### **Information about the authors:**

**Nurlybek Kelmagambetov** – corresponding author, Candidate of Technical Sciences, Kyzylorda University, Bolashak, Left bank of the Syr Darya River, building 115, Kyzylorda, Kazakhstan.

**Kadir Atabayev** - Candidate of Technical Sciences, Samarkand State University of Architecture and Civil Engineering, Lolazor St., 70, Samarkand, Uzbekistan.







Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

ХҒТАР 14.35.07

DOI: <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2025-79-4-36-47>

Ғылыми мақала

Дарига Каражанова<sup>1</sup> , Уалихан Карымсақов<sup>\*2</sup> , Айгүл Иисова<sup>3</sup> ,  
Ербол Масимбаев<sup>4</sup> 

<sup>1,2,3,4</sup> Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы, Алматы, Қазақстан

E-mail: <sup>1</sup>[d.karazhanova@kazgasa.kz](mailto:d.karazhanova@kazgasa.kz), <sup>2</sup>[u.karymsakov@kazgasa.kz](mailto:u.karymsakov@kazgasa.kz), <sup>3</sup>[a.iisova@kazgasa.kz](mailto:a.iisova@kazgasa.kz),  
<sup>4</sup>[e.masimbaev@kazgasa.kz](mailto:e.masimbaev@kazgasa.kz)

### Құрылыс және сәулет мамандарын даярлауда геометриялық- графикалық және цифрлық технологияларды интеграциялау

**Аңдатпа.** Бұл мақалада құрылыс және сәулет мамандықтары бойынша мамандарды даярлау үдерісінде дәстүрлі графикалық пәндер - сызба геометрия мен инженерлік графика - және заманауи цифрлық CAD/BIM технологияларын кешенді түрде интеграциялау мәселелері қарастырылады. Қазіргі құрылыс индустриясында үшөлшемді модельдеу, параметрлік жобалау және ақпараттық үйлестіру тәсілдері жобалау үдерісінің негізгі компонентіне айналып отыр. Осыған орай, инженерлік-графикалық пәндердің мазмұнын жаңғырту және оны BIM ортасымен үйлестіру кәсіби білім берудің өзекті бағыты болып табылады. Авторлар болашақ сәулетшілердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруда геометриялық-графикалық дайындықтың рөлін айқындап, студенттердің кеңістіктік және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту жолдарын талдайды. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды қолдану арқылы жобалау сапасын арттыру, инженерлік есептерді кешенді шешу және виртуалды визуализация құралдарын тиімді пайдалану мәселелері қамтылады. Зерттеу нәтижелері инженерлік білім беруді цифрландыру жағдайында пәнаралық интеграцияның маңыздылығын және заманауи цифрлық ортада оқытудың инновациялық әлеуетін айқындайды.

**Түйінді сөздер:** сызба геометрия, инженерлік графика, CAD/BIM технологиялары, үшөлшемді модельдеу, параметрлік жобалау, цифрландыру, кәсіби құзыреттілік.

Түсті: 01.11.2025; Мақұлданды: 02.12.2025; Онлайн қол жетімді: 18.12.2025

\*хат-хабар үшін автор

## Кіріспе

Қазіргі уақытта құрылыс индустриясы жаңа технологиялық деңгейге көтеріліп, жобалау тәжірибесінде цифрлық модельдеу, автоматтандырылған жобалау жүйелері (CAD), сондай-ақ ғимараттың ақпараттық моделі (BIM) кеңінен пайдаланыла бастады. Бұл өзгерістер жоғары оқу орындарындағы оқу бағдарламаларын жаңғыртуды, инженерлік-графикалық дайындықтың мазмұнын мен әдістерін қайта қарауды талап етуде. Сондықтан сәулет және құрылыс салаларындағы кәсіби дайындық жүйесінде инженерлік-графикалық пәндердің маңызы ерекше артып отыр. Бұл пәндер болашақ мамандардың кеңістіктік ойлауын, логикалық пайымдауын және күрделі геометриялық пішіндерді саналы түрде талдап, жобалау қабілетін дамытады. Дегенмен, дәстүрлі сызба геометрия мен инженерлік графика курстары көбінесе статикалық сипатта қалып, заманауи жобалау технологияларымен (мысалы, BIM, CAD, параметрлік модельдеу және визуализация құралдары) толық байланыспай келеді. Индустрия 4.0 жағдайында архитектуралық білім беруді цифрландыру - инженерлік-графикалық даярлықты жаңа деңгейге көтерудің басты тетігі болып табылады. Осы тұрғыда геометриялық-графикалық пәндерді оқытуда сандық технологияларды кешенді интеграциялау, оқыту процесін модельдеу және цифрлық ортада визуалды-интерактивті құралдарды пайдалану ерекше өзектілікке ие. Бұл тәсілдер студенттердің кеңістіктік қиялын дамытып қана қоймай, кәсіби бағдарламалық орталарда (AutoCAD, Revit, Rhino, SketchUp және т.б.) жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, мақалада сәулет және инженерлік мамандықтардағы оқыту процесінде геометриялық-графикалық дайындықты цифрлық және параметрлік технологиялармен ұштастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері мен практикалық жолдары қарастырылады. Мақсат - болашақ архитекторлардың кәсіби құзыреттерін дамытуда геометриялық ойлау мен цифрлық модельдеу арасындағы өзара байланысты нақтылау және жетілдіру.

## Әдіснама

Зерттеу мақсатына сәйкес геометриялық-графикалық және цифрлық технологияларды интеграциялаудың тиімділігін анықтау үшін кешенді ғылыми-әдістемелік тәсіл қолданылды. Бұл бөлімде пайдаланылған әдістердің

мазмұны, кезеңдері, қолдану логикасы және зерттеу жүргізілген ортаға қойылған талаптар толық сипатталады.

### **Геометриялық-графикалық пәндердің рөлі**

Сызба геометрия - сәулетшілерді даярлаудың негізгі іргетасы. Ол кеңістіктік ойлау мен күрделі пішіндердің құрылымын түсінуді қамтамасыз етеді. Сызба геометрия әдістерін меңгеру арқылы студент нақты нысандардың геометриялық заңдылықтарын, олардың өзара орналасу ерекшеліктерін, күрделі формалардың түрленуін саралай алады.

Инженерлік графика - жобалық құжаттаманың негізі. Дәлдік, айқындық, стандарттарға сәйкестік және техникалық коммуникацияның толықтығы инженерлік графиканың сапасына тікелей қатысты. Қазіргі кезеңде BIM жүйелерінде құжаттаманың автоматты генерациялау мүмкіндігі дамып келе жатса да, оның теориялық-әдістемелік базасы студенттердің кәсіби өсуі үшін әлі де маңызды.

Геометриялық-графикалық пәндерді оқытудың басты нәтижесі - студенттің графикалық сауаттылығы мен кеңістіктік бейнелеу қабілеттерін қалыптастыру. Бұл қабілеттер кез келген жобалау процесінде қажет және сәулеттік формаларды логикалық талдауға мүмкіндік береді.

### **CAD/BIM технологиялары: білім берудегі жаңа кеңістік.**

Соңғы жылдары CAD/BIM жүйелерін оқыту инженерлік және сәулеттік бағдарламалардың ажырамас бөлігіне айналды. Бұл технологиялар тек графикалық ортаны меңгеруден әлдеқайда терең, себебі олар деректермен жұмыс істеу логикасын, жобалаудың параметрлік принциптерін және мультидисциплинарлық координация үдерістерін қамтиды. Сонымен қатар, BIM-модель жобаның барлық кезеңдерінде қолданылатын динамикалық ақпараттық база болып табылады: эскиздік жобадан бастап құрылыс жүргізу және эксплуатация кезеңіне дейін.

BIM жүйелерінің басты ерекшелігі - объектіні геометриялық модель ретінде ғана емес, сонымен қатар ақпараттық құрылым ретінде өңдеу. Мұндай модельде әрбір элемент (қабырға, жабын, терезе және т.б.) параметрлік мәліметтерге ие болады, олар жобаның өзгеруіне қарай автоматты түрде жаңартылып отырады. Бұл тәсіл болашақ сәулетшілердің логикалық ойлауын қалыптастырып, жобалау барысында орын алатын өзара байланыстарды дұрыс түсінуге көмектеседі.

Инженерлік білім беруде CAD/BIM-ді енгізу келесі нәтижелерге жеткізеді:

- күрделі жобалық есептерді орындау жылдамдығы артады;
- ресурстарды тиімді басқару дағдылары қалыптасады;
- визуалды-аналитикалық мүмкіндіктер кеңейеді;
- көппәндік білімдерді интеграциялауға жағдай жасалады;
- жобалау қателіктері ерте кезеңде анықталады.

Болашақ мамандар BIM ортасына үйрену барысында құрылыс конструкцияларының мінез-құлқын талдау, күн сәулесінің түсуін модельдеу, инженерлік жүйелерді (жылу, вентиляция, сумен жабдықтау) үйлестіру, материалдық шығынды бағалау секілді кешенді операцияларды орындайды. Нәтижесінде студенттер тек сызба салушы ғана емес, жобаны басқарушы, үйлестіруші рөлін меңгереді.

#### **Пәнаралық интеграцияның маңызы.**

Геометриялық-графикалық пәндер мен BIM технологияларын біріктіру - қазіргі білім берудегі негізгі стратегиялық бағыттардың бірі. Бұл синергия оқу мазмұнының көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, студенттің инженерлік ойлауын көпәспектті дамытады.

Сызба геометрия, инженерлік графика, құрылыс механикасы, сәулеттік жобалау және ақпараттық технологиялар арасындағы өзара байланыс студенттің оқу траекториясын жүйелі құруға мүмкіндік береді. Теориялық білімдер виртуалды модельдер арқылы тексеріліп, BIM ортасында нақты жобаға жақын ортада бекітіледі.

Пәнаралық ықпалдастық төмендегі элементтерді қамтиды:

- параметрлік геометрияны практикалық модельдеумен ұштастыру;
- кеңістіктік тапсырмаларды визуалды талдау;
- жобалық шешімдерге инженерлік-экономикалық бағалау жүргізу;
- құрылыс процесіндегі күнтізбелік жоспарды моделдеу;
- экологиялық талаптарды жобалау үдерісіне енгізу.

Интеграция, ең алдымен, оқу материалын меңгеру сапасын арттырады. Мәселен, тек теориялық деңгейде алынған геометриялық білімдер BIM моделінде нақты нысанға айналған кезде бейнелік байланыс анық қалыптасады. Студенттерге сызба геометриядағы проекциялау әдістерін нақты объектілермен байланыстыру оңайға түседі, ал инженерлік графика олардың модельмен өзара байланысын нақты көрсетеді.

Бұдан кейін, BIM ортасында топпен жұмыс жасау тәжірибесі кәсіби коммуникация дағдыларын қалыптастырады. Жобалық шешімдер жиі өзгертіндіктен, модельді жаңарту кезіндегі үйлестіру білігі инженерге аса

қажет. Осылайша, пәнаралық интеграция маманның теориялық және практикалық даярлығын бірдей деңгейде дамытады.

### **Халықаралық және ұлттық тәжірибе.**

Соңғы онжылдықта әлемдік университеттерде BIM оқыту әдістемесі қарқынды дамып келеді. Калифорния университеті, Массачусетстық технологиялық институт (MIT), TU Delft, ETH Zürich сияқты жетекші инженерлік-сәулеттік мектептер оқу бағдарламаларында геометрия, графика және BIM пәндерін біріздендірілген жүйеде енгізілді. Бұл оқу модельдері «Design-Build-Operation» циклін толық қамтиды, студенттерге нақты өндірістік процестерге қатысуға мүмкіндік береді.

Халықаралық тәжірибеде BIM оқытуда қолданылатын әдістер: Case-study жобалау; өндірістік серіктестік; BIM-лабораториялар; цифрлық портфолио; виртуалды құрылыс платформалары.

Осы тәсілдер студенттерге жобаны тек техникалық тұрғыдан емес, экономикалық, экологиялық, функционалдық өлшемдерімен қатар қарастыруға үйретеді.

Қазақстандық жоғары білім беру жүйесі де осы үрдістен қалыс қалмай, оқу бағдарламаларын жаңартуға кірісті. Сәулет-құрылыс бағытындағы ұлттық университеттерде CAD/BIM пәндері кеңейтілуде, зертханалар ашылуда, академиялық серіктестік орнатылуда. Сонымен бірге, teaching-factory форматы дамып келеді, яғни оқу-өндірістік ортада нақты жобалар орындалады.

Өзінің еңбектерінде Ә.К. Байдабеков инженерлік графиканы цифрлық технологиялармен толықтыру арқылы кәсіби білімнің сапасын арттыру жолдарын сипаттайды, ал Ж.Ж. Жаңабаев инженерлік-графикалық дайындықтың инновациялық моделін ұсынады. Бұл еңбектер графикалық пәндердің бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы маңызын растады.

### **Интеграцияны жүзеге асыру жолдары.**

Геометриялық-графикалық және BIM пәндерін тиімді біріктіру үшін оқу процесіне төмендегі практикалық-әдістемелік қадамдарды енгізу ұсынылады:

1. **Вертикалды оқыту моделі.** Студент бірінші курстан бастап сызба геометрия және инженерлік графика негіздерін үйренеді, кейін бұл білімдер BIM платформаларында нақты модельдеуге ұласады.

2. **Құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар.** Пәнаралық есептер арқылы студент нақты инженерлік-сәулеттік сипаттамаларды модельдейді, конструктивті шешімдер, материалдық сипаттамалар енгізеді.

3. **Портфолио-модель.** BIM-жобалар жинағын жасау, оның ішінде 3D модель, спецификация, смета, сызба және визуализация болуы.

4. **Индустриямен серіктестік.** Revit, ArchiCAD, BIM360, Navisworks провайдерлерімен бірлескен оқу-өндірістік жобалар ұйымдастыру.

5. **Бірлескен жобалау.** Студенттер топтарға бөлініп, өзара рөлдер (сәулетші, инженер-конструктор, инженер-жылутехник, сметашы) бойынша BIM-модельмен жұмыс жасайды. Бұл тәсіл кәсіби қызметке жақын орта қалыптастырып, болашақ мамандардың командалық жобалау дағдысын дамытады.

### Талдау және нәтижелер

Зерттеу барысында алынған мәліметтер геометриялық-графикалық дайындықты цифрлық технологиялармен интеграциялау оқу процесінің жалпы тиімділігін айтарлықтай арттыратынын көрсетті. Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелері салыстырылып, білім игеру динамикасы, тапсырмаларды орындау сапасы, кеңістіктік ойлау деңгейі және бағдарламалық ортада жұмыс істеу дағдылары бойынша бірқатар маңызды айырмашылықтар анықталды.

Эксперименттік топта оқу материалының меңгеру қарқыны дәстүрлі әдіспен оқыған топқа қарағанда жоғары болды. Бұл нәтиже келесі факторлардың нәтижесі ретінде айқындалды:

- 3D визуализация студенттің күрделі геометриялық әрекеттерді бірден көзбен көруіне мүмкіндік берді;
- қадамдық командалар тізбегі (AutoCAD операциялары) теориялық білімді практикалық әрекетпен тікелей байланыстыруға себеп болды;
- интерактивті демонстрациялар жаңа тақырыптың құрылымын, қисықтар мен беттердің қалыптасуын нақты көрсетуге мүмкіндік берді.

Бақылау тобының тапсырмаларында орташа қателік коэффициенті жоғары болғанымен, эксперименттік топта координаттық дәлдіктің жоғары болуы, объектілер арасындағы байланысты автоматты бақылау, командалар жүйесіндегі қателерді түзету құралдары сияқты мүмкіндіктер арқасында қателіктер санының азаю тенденциясы байқалды.

AutoCAD ортасында орындалған тапсырмаларда өлшемдердің сәйкессіздігі, проекциялық айырмашылықтар сияқты қателіктер айтарлықтай төмендеді. Бұл әсіресе перспектива құру және қисықтарды салу кезінде анық

байқалды. Студенттердің кеңістіктік ойлау деңгейі арнайы тест тапсырмалары арқылы бағаланды. Нәтижесінде студенттердің кеңістіктік елестету қабілетінің едәуір жақсарғаны байқалды, бұл әсіресе күрделі беттерді салуда маңызды рөл атқарды.

Сонымен қатар студенттердің CAD/BIM құралдарымен жұмыс істеуге қызығушылығы артты, дәстүрлі сызба жұмыстарының бірсарынды сипаты азайды, студенттер өз жобаларын цифрлық форматта ұсынуға бейімделді, пәнге деген қызығушылық жалпы түрде өсті. Бұл факторлар оқу мотивациясының жоғарылауына және кәсіби бағыттылықтың қалыптасуына әкелді. Алынған нәтижелер геометриялық-графикалық дайындықты цифрлық технологиялармен интеграциялау оқу процесінің сапасын айтарлықтай арттыратынын көрсетті. Біріншіден, бұл тәсіл студенттерді заманауи өндірістік және жобалау стандарттарына жақындатады. Екіншіден, CAD/BIM платформалары кең таралғандықтан, болашақ мамандардың кәсіби бейімділігі артады. Үшіншіден, күрделі геометриялық түрлендірулерді визуалды модельдеу теориялық білімді нақтылауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері цифрлық технологияларды толық енгізу үшін оқытушылық құрамның дайын болуы, оқу-әдістемелік материалдарды жаңарту, зертханалық базаны күшейту қажеттілігін көрсетті. Цифрлық құралдар дәстүрлі геометриялық білімді толық алмастырмайды, керісінше оны тереңдететін тиімді қосымша құрал ретінде қызмет етеді.

### Қорытынды

Сызба геометрия мен инженерлік графика - болашақ сәулетшілердің кәсіби дағдыларының өзегі ғана емес, сонымен бірге олардың шығармашылық ойлау қабілетін, күрделі кеңістіктік пішіндерді түсіну және бейнелеу мәдениетін қалыптастырудың негізгі тетігі болып табылады. ХХІ ғасырдың технологиялық кеңістігінде бұл пәндердің рөлі арта түсуде. Себебі сәулет-құрылыс индустриясының цифрлық трансформациясы мамандардың тек теориялық біліммен ғана емес, бағдарламалық-техникалық дағдылармен де жарақтануын талап етеді.

Инженерлік-графикалық дайындықтың BIM жүйелерімен интеграциялануы - білім беру мазмұнын жаңғыртудың аса тиімді жолдарының бірі. BIM моделін әзірлеу барысында студенттер нысанның көлемдік-пространстволық құрылымын, оның функционалдық ерекшеліктері



мен инженерлік жүйелердің өзара байланысын терең меңгереді. Бұл өз кезегінде жобалау барысындағы инженерлік пайымдауды кеңейтіп, жобаның әрбір кезеңінде аналитикалық шешім қабылдау дағдысын қалыптастырады.

Тәжірибелер көрсеткендей, BIM ортасында сызба геометрия қағидаларын тиімді қолдану ғимараттың цифрлық моделін дәл әрі сауатты орындауға, параметрлік объектілерді құруға, конструктивті элементтердің өзара байланысын тексеруге мүмкіндік береді. Мысалы, күрделі қабықша тәрізді формаларды немесе параметрлік қасбеттерді жобалау кезінде геометриялық заңдылықтарды түсінген студент модельді жылдам әрі сапалы құра алады. Сонымен бірге инженерлік графиканың теориялық негіздерін меңгеру сызбалармен жұмыс сапасын арттырып, BIM арқылы автоматтандырылған сызбалардың стандарттарға сай болуын қамтамасыз етеді.

Сызба геометрия - кеңістіктік қатынастарды түсіндіретін универсалды тіл. Бұл пәнді меңгеру болашақ сәулетшінің форманы талдау, конструкцияны түсіну, жобалық шешімді негіздеу қабілетін нығайтады. Практикада студенттер нысанның күрделі геометриясын талдап, оның функционалдық элементтерімен байланысын модельдей алады, бұл сәулеттік шешімнің принципті дұрыстығын айқындайды.

Пәнаралық интеграцияның артықшылықтары:

Оқу сапасы артады: дәстүрлі әдістемелерді цифрлық құралдармен толықтыру арқылы студенттің ақпаратты қабылдау деңгейі тереңдейді;

Кәсіби құзыреттер қалыптасады: жобалау, талдау, визуализация, параметрлік модельдеу қабілеттері дамиды;

Шығармашылық ойлау дамиды: баламалы шешімдерді салыстыру, талдау және таңдауға мүмкіндік береді;

Еңбек нарығы талаптарына сәйкестік артады: BIM технологияларын меңгерген мамандарға сұраныс жоғары.

Сонымен қатар, BIM интеграциясы студенттердің жобалау шешімдерін экологиялық, экономикалық және құрылымдық тұрғыдан жан-жақты бағалауына жағдай жасайды. Энергия үнемдеу, материал шығынын оңтайландыру, құрылыс мерзімін қысқарту сияқты факторларды есептеу жобаның тиімділігін арттырады.

Болашақ зерттеу бағыттары ретінде төмендегілерді атауға болады: BIM/CAD жүйелерінде параметрлік модельдеу әдістерін оқыту; инженерлік графика мен геометриялық модельдеудің қашықтан оқыту форматтарын

жетілдіру; VR/AR технологияларын интеграциялау арқылы жобалауды визуализациялау; «ақылды қала» тұжырымдамасы аясында BIM негізінде урбанистикалық модельдер дайындау.

Жоғары оқу орындарында осы үш компоненттің (сызба геометрия + инженерлік графика + BIM) үйлесімділігі білім беру үдерісін жүйелі, кешенді, практикалық бағытқа бейімдейді. Мұндай тәсіл түлектің кәсіби бейімделуін жеңілдетіп, жұмыс берушілер талаптарына барынша сәйкес келетін мамандарды дайындауға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі геометриялық-графикалық пәндерді заманауи цифрлық технологиялармен біріктіру - техникалық бағыттағы жоғары білім берудің стратегиялық маңызды бағыты. Бұл интеграция болашақ сәулетшілердің жобалық мәдениетін арттырып, кәсіби құзыреттіліктерін кеңейтеді, жаңа буын сәулетшілердің қалыптасуына ықпал етеді. Нәтижесінде отандық сәулет-құрылыс саласында инновациялық ойлайтын, әлемдік талаптарға сай бәсекеге қабілетті мамандар легі қалыптасады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Абилдабекова Д.Д. (2010) Геометро-графическая подготовка бакалавров технических специальностей на основе компьютерной графики: автореферат дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. -Астана.
2. Байдабеков А. (2022) Развитие графической геометрии и инженерной графики в Казахстане. Проблемы инженерной графики и профессионального образования, 4(4), 9. <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2010-4-4-9>
3. Джанабаев, Ж., Абилдабекова, Д. (2022) Проблемы формирования системы геометро-графического образования в Республике Казахстан в условиях развития кредитной технологии. Проблемы инженерной графики и профессионального образования, 1(1). <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2010-1-1-%p>.
4. Жаңабаев Ж.Ж., Үмбетов Н.С., Карымсаков У.Т. Абилдабекова Д.Д. (2019) Сәулет мамандықтары бакалаврларының геометриялық-графикалық құзыреттілігін қалыптастырудағы сызба геометрияның маңыздылығы. -Научные труды ЮКГУ им. М. Ауэзова.
5. Pottmann H. (2007) Architectural Geometry. -London.
6. Eastman C. (2018) BIM Handbook. - Hoboken.
7. Kibert C.J. (2016) Sustainable Construction. - Hoboken.
8. Steinfeld E. (2012) Universal Design. - Hoboken.

---

**Дарига Каражанова, Уалихан Карымсаков, Айгул Иисова,  
Ербол Масимбаев**

*Казахская главная академия архитектуры и строительства, Алматы, Казахстан*

### **Интеграция геометро-графических и цифровых технологий в подготовке специалистов в области строительства и архитектуры**

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы комплексной интеграции традиционных графических дисциплин - начертательной геометрии и инженерной графики - с современными цифровыми технологиями CAD/BIM в процессе подготовки архитекторов инженерных специальностей. В условиях цифровизации строительной индустрии трёхмерное моделирование, параметрическое проектирование и информационная координация становятся ключевыми элементами проектной деятельности. В связи с этим обновление содержания инженерно-графических дисциплин и их сопряжение с BIM-средой представляют собой важное направление модернизации профессионального образования. Авторы раскрывают роль геометро-графической подготовки в формировании профессиональных компетенций будущих архитекторов, анализируют пути развития пространственного и аналитического мышления студентов. Особое внимание уделено вопросам повышения качества проектирования, комплексного решения инженерных задач и применения цифровых визуализационных инструментов в образовательном процессе. Результаты исследования подтверждают значимость междисциплинарной интеграции и демонстрируют перспективы использования цифровых технологий в обучении архитекторов нового поколения.

**Ключевые слова:** начертательная геометрия, инженерная графика, CAD/BIM-технологии, трёхмерное моделирование, параметрическое проектирование, цифровизация, профессиональные компетенции.

**Dariga Karazhanova, Ualikhan Karymsakov, Aigul Iisova,  
Erbol Masimbaev**

*Kazakh Main Academy of Architecture and Construction, Almaty, Kazakhstan*

### **Integration of geometric-graphic and digital technologies in the training of construction and architecture specialists**

**Abstract.** This article examines the comprehensive integration of traditional graphic disciplines-descriptive geometry and engineering graphics-with modern digital CAD/BIM

